

2010 жылғы 1 наурыздағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

2010 жылдың екі айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың ұқсас мерзімінде жиналған көлемінен 72,1%-ға көп болып, 30 848,3¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.03.2009.		01.03.2010.		01.03.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	17 928,0	100,0	30 848,3	100,0	72,1
Міндетті сақтандыру	4 315,9	24,1	5 426,1	17,6	25,7
Ерікті жеке сақтандыру	3 473,8	19,4	6 638,9	21,5	91,1
Ерікті мүліктік сақтандыру	10 138,3	56,5	18 783,2	60,9	85,3

млн. теңге

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 25,7%-ға, ерікті жеке сақтандыру бойынша 91,1%-ға асты, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша ұлғаю 85,3% болды.



2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 57,1% (3 096,8 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 32,2% (1 747,9 млн. теңге) қызметкердің еңбек

(қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 5,2% (281,6 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,5% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 57,6% (3 826,6 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, аннуитеттік сақтандыру бойынша – 29,3% (1 945,6 млн. теңге), жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 9,5% (630,2 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 3,6% (236,6 млн. теңге) болып келеді.


ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,1% (8 099,2 млн. теңге) мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) түскен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 38,7% (7 272,2 млн. теңге), басқа да қаржылық

шығындардан сақтандыру бойынша – 9,7% (1 824,0 млн. теңге), және басқалар бойынша – 8,5% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	01.03.2009.		01.03.2010.		млн. теңге 01.03.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	17 928,0	100,0	30 848,3	100,0	72,1
Өмірді сақтандыру	1 131,6	6,3	2 182,2	7,1	92,8
Жалпы сақтандыру	16 796,4	93,7	28 666,1	92,9	70,7

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы,




"Өмірді сақтандыру" саласы. 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 182,2 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 92,8%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2009 жылғы 1 наурыздағы 6,3%-ға қарсы 7,1% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2010 жылдың екі айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 28 666,1 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 70,7%-ға көп.

**Қайта сақтандыру
Перестрахование**




Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 18 077,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 58,6%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 52,4%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 3 917,0 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 3 238,4 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.03.2009.		01.03.2010.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен

Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	12 095,3	67,5	18 077,5	58,6
резидент еместерге	10 396,0	58,0	16 168,9	52,4
резиденттерге	1 699,3	9,5	1 908,5	6,2
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	7 191,6	40,1	3 238,4	10,5



Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 93,4%, ерікті сақтандыру бойынша – 0,7%, жеке міндетті сақтандыру бойынша – 5,9% болды.

Сақтандыру төлемдері

2010 жылдың екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 11,4%-ға ұлғайып, 3 751,6² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 23,7% (887,4 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.03.2009.		01.03.2010.		01.03.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	3 367,1	100,0	3 751,6	100,0	11,4
Міндетті сақтандыру	1 310,1	38,9	1 384,5	36,9	5,7
Ерікті жеке сақтандыру	1 049,0	31,2	1 653,9	44,1	57,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 008,0	29,9	713,2	19,0	-29,2

2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:


міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 46,5% (644,2 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер – 49,0% (679,0 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша – 4,4% (61,0 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,1% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 61,4% (1 015,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 6,3% (104,3 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 30,3% (501,3 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 2,0% (32,7 млн. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – 52,7% (375,5 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 27,8% (198,3 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті

сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 4,9% (34,9 млн. теңге), басқалар бойынша – 14,6% болды.

Сақтандыру төлемдерінің құрылымы, %-бен



2010 жылғы қаңтар-ақпан айларында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлеміне төлемдердің жиынтық сомасының 27,1%-ы болатын аурулардан сақтандыру ие болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 – өмірді сақтандыру бойынша), 13 сақтандыру брокері және 63 актуарий лицензияланған қызметін жүзеге асырды.

По состоянию на 1 марта 2010 года на страховом рынке Республики Казахстан осуществляли лицензированную деятельность 41 страховые организации (в том числе: 7 – по страхованию жизни), 13 страховых брокеров и 63 актуарий.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.03.2009.	01.03.2010.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	44	41
өмірді сақтандыру бойынша	8	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	13
Актуарийлер саны	63	63

Есепті күнге қарай 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 185 714,7 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.03.2009.	01.03.2010.	01.03.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
Жиынтық активтер	293 873,3	328 315,5	11,7
Міндеттемелер	123 640,9	142 600,8	15,3
оның ішінде сақтандыру резервтері	103 918,0	118 527,7	14,1
басқа да міндеттемелер	19 722,9	24 073,1	22,1
Меншікті капитал (баланс бойынша)	170 233,4	185 714,7	9,1

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2010 жылғы 1 наурызда 328 315,5 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы 1 наурыздағы осындай көрсеткіштен 11,7%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер Активы	01.03.2009.		01.03.2010.		01.03.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен Изменение по сравнению с 01.03.2009г., в %
	Сомасы Сумма	үлесі, %- бен доля, %	Сомасы Сумма	үлесі, %- бен доля, %	
Қолма-қол ақша	8 723,1	3,0	14 628,1	4,5	67,7
Орналастырылған салымдар	78 548,4	26,7	75 957,6	23,1	-3,3
Бағалы қағаздар	99 351,2	33,8	125 840,1	38,3	26,7
«Кері РЕПО» операциясы	15 866,2	5,4	9 663,6	2,9	-39,1
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	23 479,2	8,0	22 831,0	7,0	-2,8
Негізгі қаражат	4 249,2	1,4	4 621,2	1,4	8,8
Қайта сақтандыру активтері	48 280,8	16,4	55 254,2	16,8	14,4
Басқа дебиторлық берешек	11 025,8	3,8	13 316,4	4,1	20,8
Басқа активтер	4 349,4	1,5	6 203,3	1,9	42,6
Активтер жиынтығы	293 873,3	100,0	328 315,5	100,0	11,7

Міндеттемелер. 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 142 600,8 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 15,3%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 118 527,7 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы 1 наурызда қалыптасқан резервтердің көлемінен 14,1%-ға көп.

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны және сақтандыру төлемдері бойынша азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 64,3%-ы және сақтандыру төлемдерінің 50,0%-ы келеді.

Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 53,2 %-ды құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	01.03.09	01.03.10.
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	64,6	64,3
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	77,6	76,3
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	44,7	50,0
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	70,0	70,0
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері	52,9	53,2
Ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншіктік капиталы	59,3	59,9

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	01.03.2009.	01.03.2010.
ЖІӨ, млрд. теңге	16 724,1	17 534,3 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,11	0,18 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,02	1,06
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,76	1,87
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 134,9	1 952,8

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - деректер Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан алынды (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысының № 32 хаттамасы) мақұлданған Қазақстан Республикасының 2009–2013 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік өлшемдерінің болжамына өзгерістерге сәйкес).

³ – данные с официального сайта Министерства экономики и бюджетного планирования РК (согласно изменениям в Прогноз социально-экономического развития и бюджетных параметров Республики Казахстан на 2009–2013 годы, одобренный на заседании Правительства 26 августа 2008 года (протокол заседания Правительства № 32 от 26.08.2008 года)).

4 – 2010 жылғы қаңтар - ақпан айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары